

Уровень владения казахским языком детьми репатриантами-казахами

А.М. Досанова¹, И.А. Абдикадыр¹

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, 050040, Республика Казахстан

В статье рассматривается языковая ситуация среди репатриантов со всего мира, в том числе репатриантов-казахов после их возвращения в Казахстан в годы независимости. Определен уровень владения казахским языком казахских детей-репатриантов. Дети тоже принадлежат к этнической группе. Молодые репатрианты, говорящие на другом языке в стране проживания, сталкиваются с языковым барьером на своей родине. Наряду с казахским языком были представлены показатели владения русским языком. У репатриантов-казахов, обучающихся в школе, в ответах на анкету уровень владения языком выражается в процентах. Было установлено, что молодые казахи-репатрианты, родившиеся и выросшие за границей, относительно свободно говорят и понимают казахский язык, а также умеют читать и писать.

Материал поступил в редакцию журнала 16.05.2021

Level of kazakh language proficiency of repatriate-kazakh children

А.М. Dossanova¹, I.A. Abdikadyr¹

¹Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, 050040, Republic of Kazakhstan

The article examines the language situation of repatriates from around the world, including repatriate-Kazakh children, after their return to Kazakhstan in the post-independence years. The level of Kazakh language proficiency of repatriate Kazakh children was determined. Repatriate Kazakh children also belong to an ethnic group. Young repatriates who speak another language in the country of residence face language barriers in their homeland. Along with the Kazakh language, indicators of Russian language proficiency were shown. From the repatriate-Kazakh children studying at school, the answers to the questionnaire, and the level of language proficiency is expressed as a percentage. Young repatriate Kazakhs born and raised abroad were found to be able to speak and understand the Kazakh language relatively fluently with other languages, as well as to be able to read and write.

Received: 16.05.2021

MFTAP 16.21.33

Г. Ж. Искакова¹, Peter Kosta²

¹Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

²Potsdam university, Potsdam, 14469, Germany

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ МОДАЛДІЛІК АСПЕКТІСІ: Ә.КЕКІЛБАЕВ ПЕН Ш.АЙТМАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ

Мақалада "авторлық модалділік" категориясы және оның қазақ жазушысы Ә.Кекілбаев пен қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың прозалық шығармаларында берілу жолдары қарастырылады. Модалділік сөйлем деңгейінде отандық және шетелдік

лингвистикада жіті зерттелгенімен, мәтін деңгейінде толық зерттелмеген, әлі күнге дейін "авторлық модалділік" категориясының мәні ашылмаған.

Аталған зерттеу жұмысының өзектілігі – "авторлық модалділік" категориясының мәртебесін нақтылау, оның көркем шығармада берілу жолдарын тереңірек зерттеу, антропоөзектілік принципіне негізделген соңғы лингвистикалық бағыттарға сәйкес авторлық модалділікті жүйелі талдауды жүзеге асыру қажеттілігімен негізделеді.

Зерттеу жұмысының нысаны – авторлық модалділік категориясын мәтінтүзуші категория ретінде қарастыру, ал зерттеу пәні – көркем мәтіндерде авторлық модалділікті жүзеге асыру құралын анықтау болып табылады. Мақалада авторлық модалділік категориясын жүзеге асырудың тілдік құралдарына функционалды-семантикалық талдау жасалды.

Кілт сөздер: авторлық модалділік, көркем мәтін, мәтінтүзуші категория, эксплицитті, имплицитті құралдар.

КІРІСПЕ

Тіл білімінде көптеген уақыт дәстүрлі бағыт, яғни тілді тек қана құрылымдық жағынан өз ішінде қарастырған зерттеу бағыты басымдық танытып келді. Бұл бағыт тілдік құбылыстарды бір-біріне байланыссыз, жалаң түрде сипаттауға негізделді. Ал тіл ақпарат беру, коммуникативтік және кумулятивтік қызметтерді қатар атқаратындықтан, тілді қолданушымен бірлікте қарастыру мәселесі алға қойылады. Модалділік категориясы да осыған дейін тар мағынада сөйлемнің аясында қаралып келді. Әр түрлі жанрдағы мәтіндерде модалділік және оны жүзеге асыру тәсілдерін зерттеу қазіргі тіл білімінде антропоөзектілік парадигма аспектісінде қарастырылып, ғалымдар модалділік категориясының мәтін деңгейіндегі белгілерін зерттеуді нысанға алды.

Әр түрлі тілдерді салыстырмалы-салғастырмалы аспектіде зерттеу тілші ғалымдарды қызықтыратыны сөзсіз. Белгілі бір тілдер бойынша білім жинақтаған сайын оларды үйренудің жаңа аспектілері мен әдістері пайда болып, жаңа лингвистикалық мектептер мен бағыттар қалыптасты. Тіл білімінің осындай аспектілерінің бірі – лингвистикалық типология, ол қазіргі уақытта тіл ғылымындағы негізгі бағыттардың бірі ретінде күшейе түсті. Біз зерттеп отырған тілдік модалділік категориясын салыстырмалы-салғастырмалы аспектіде қарастыру шетелдік, отандық тілші ғалымдардың назарында болды. Оған дәлел ретінде роман тілдері мен славян тілдеріндегі эвиденция мен эпистемиялық модалділікті салыстыра зерттеген П.Костаның [1], [2], [3], ағылшын, татар тілдеріндегі фольклор мәтіндерінде модалділікті білдіретін құралдарды зерттеген Д.И.Хрипкова, А.А. Каримованың және т.б. [4], ағылшын және орыс тілдеріндегі модалділік және оның аудармада берілу жолдарын зерттеген К.В.Евсеева, Б.А. Козлованың[5], түрік және қазақ тілдеріндегі модалділік мәселесін қарастырған К.А.Ашинова, Б.Т.Сыдықованың және т.б. [6] еңбектерін атауға болады.

Модалділік категориясын функционалды синтаксис шеңберінде қарастырған ғалым – И.Р.Гальперин. Автор объективтік модалділік пен субъективтік модалділікті бір-бірінен ажырата қарап, субъективтік модалділікті бүтін мәтін құрылымын саралаудың нәтижесінде талдауға болатынын алға тартады. Ғалым субъективтік модалділік функционалды сипат алғанда, бір тәсіл арқылы сараланбайтындығын да ескеріп: "Мәтіннің субъективті-бағалау модалділігі әлдебір құралды бір мәрте қолданудан танылмайды. Эпитеттер, теңеулер, анықтауыштар, детальдар магниттік алаң түзе топтасады" – деген тұжырымдарын да көрсеткен [7, 119].

Модалділік категориясын мәтінмен байланыстыра қарап, И.Гальперин модалділіктің ауқымдылығын, күрделілігін дәлелдеп, оған тән белгілердің жеке сөйлемнен мәтін құрылымына ұласатындығын айтады.

В.Виноградов: "Күрделі синтаксистік тұтастықтағы модалділік үзілмелі-өзгермелі болады. Күрделі синтаксистік бірліктегі модалділік оны құрайтын әртүрлі модалдік

мағыналарды композициялық тұтастыру арқылы және тұтастықтың жалпы семантикасы арқылы анықталады", – деп модалділіктің сөйлем аясындағы және мәтін деңгейіндегі құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталады [8, 84].

Бұл пікірді Ю.Шведова жалғастырып, модалділік категориясының функционалды сипатын ауызекі сөйлеу тілі негізінде талдайды. Автордың ойынша, мәтінде кейде объективтік модалділік пен субъективтік модалділіктің жігін ажыратудың (яғни бірлікте, бір мақсатта қолданғанда) қиын екендігін сөз етіп, төмендегідей қорытындыға келеді: "Модалдік мағына дегеніміз синтаксистік құрылымның өзіндік мағынасы, ол тұтастықтың құрылымына ғана тән бола алады" [9, 19].

Модалділік санатының қыр-сырын талдау үшін, мәнмәтін аясындағы мағыналық байланысқа назар аударып, функционалды-семантикалық сипаттауды басшылыққа аламыз. Құрылымдық синтаксис деңгейіндегі талдаулар модалділік санатының грамматикалық табиғатын толық ашып көрсете алмайды. Себебі бұл санаттың грамматикалық ерекшелігі, модалді мағынаның астары сөйлемаралық байланыстан, мәтін аясындағы салыстырудан дараланады. Мұндай жағдайда сөйлемге тән модалділікті тудырушы грамматикалық амалдардың қызметі де жан-жақты салыстыруды қажет етеді. Өйткені модалділікті ажыратуда, грамматикалық амалдар жалқыланбайды, керісінше кешенді қызмет атқарады [10, 16].

Мәтінде модалді мән тудырушы амалдардың қызметін функционалды заңдылықтарға сәйкес алдыңғы, соңғы сөйлемдердің семантикалық шеңберін басшылыққа ала отырып талдау ескеріледі. Өйткені модалділікке қатысы жағынан әрбір сөздің, синтаксистік құрылымның қызметі құбылмалы, қозғалмалы сипат алады.

Бұл жөнінде Дж.А.Миллер: "Оқшау қалған сөзде бірнеше мағына болуы ықтимал; ал сөздің сөйлемде қандай мағына иеленуі – сол сөз қатысқан контекстке тәуелді. Яғни, сөздің мағынасы сөйлемдегі өзге сөздерге және олардың грамматикалық мағыналарына тәуелді болады", – деп қорытындылаған болатын [11, 568].

Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, модалділік категориясын мәтін деңгейінде қарастыру:

- модалділіктің тұтас құрылымдық көрінісін анықтауға;
- оның қалыптасуына әсер ететін лингвистикалық, психолингвистикалық, прагматикалық амалдардың кешенді қызметін ажыратуға;
- модалділік категориясының сөйлем деңгейінен кең ауқымда сараланатын заңдылық екенін дәлелдеуге;
- модалділіктің мәтінтүзуші санат екенін айқындауға тірек болады деген қорытындыға келдік.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тіл білімінде модалділік категориясын мәтін деңгейінде зерттеудің нәтижесінде ғылыми еңбектерде "мәтін модалділігі" және "авторлық модалділік" деген терминдер қалыптасқан. Біз зерттеу жұмысымызда модалділік категориясын көркем мәтін аясында қарастыруымызға байланысты "авторлық модалділік" терминін қолдануды жөн көріп отырмыз.

Н.С.Валгина «Мәтін теориясы» еңбегінде авторлық модалділікті барлық мәтіннің бірліктерін біртұтас мәнді және құрылымды тұтастыққа бекітетін «мәтінді құру мен мәтінді қабылдаудың ең маңызды элементі» деп атайды [12, 67].

Жазушы өз туындысын жазарда өзінің ойын, белгілі бір жағдаятқа байланысты көзқарасын, ұлттық танымын мәтінде эксплицитті (ашық) және имплицитті (жасырын) түрде көрсете алады.

Белгілі бір тілдік құралдар арқылы беріліп, нақты айқын мағынаны білдірген сөйлемдер эксплицитті сөйлемдер деп аталады. Ш.Балли эксплицитті сөйлемдерді екі бөліктен тұратынын айтады: бірінші бөлігі – процесті нақты хабарлайтын (диктум), ал екіншісі –

сөйлемнің басты бөлігі, бұл бөліксіз сөйлемнің болуы мүмкін емес, бұл бөлік ойлаушы субъекті жасайтын операцияның нәтижесі, яғни модалділік болып табылады [13, 44].

Ал имплициттілік – (жасырын мән) тіл білімінде әртүрлі түсіндіріледі. Е.И.Шендельс оны "ашық көрінбеген, жасырын мән" десе [14, 109], И.В. Арнольд "қосымша тұспалданатын мән" [15, 8], Р.Әміров "сөйлесімнің тұспалданатын жасырын мәні" [16, 48] деп анықтайды.

Яғни, "имплициттілік" терминінің негізгі мағынасы "жасырын, яғни бірден байқалмайтын мән" дегенді білдіреді. Тілдік имплициттілік – тілдік бірліктердің сөйлеуші қолданысына, сөйлеу жағдаятына, энциклопедиялық біліміне қарай өзіндік лексикалық мағынасынан ауыспалы, тұспалданатын мағынада қолданылуы.

Көркем мәтін автордың қатысуынсыз болуы мүмкін емес, мәтіндегі ақпараттың қайсысы маңызды, қайсысы қосалқы екенін, қай кейіпкерге оң, қай кейіпкерге теріс көзқарас қалыптастыруды немесе белгілі бір жағдаятқа байланысты өз түйінін айтып, баға беруді тек автор шешеді. Бұл қатынасты авторлық модалділік дейміз. Бұл қатынас грамматикалық, лексикалық, фразеологиялық, композициялық құралдар арқылы жүзеге асады.

Зерттеу материалы ретінде қазақ жазушысы Ә.Кекілбаев пен қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың шығармалары қолданылды. Түркі тілдері өзара туыстас болғандықтан, олардың бір-бірімен жақындықтары, ортақ қасиеттері мол. Қазақ тіліне ең жақын тілдер – қырғыз, ноғай, қарақалпақ, қарашай-балқар, татар, башқұрт, құмық тілдері. Туыстас тілдерге жататын қазақ, қырғыз тілдеріндегі көркем мәтіндерде автор модалділігі категориясының берілу жолдарын қарастыруды көздедік.

Көркем мәтіндер – бұл объективті деректер, автордың тілдік тұлғасын жүзеге асыру нәтижесі, мәдениет феномені, мәтінді жасау кезіндегі субъективті (жеке, адами) фактордың мәтіннің сипатына, құрылымына және қорытынды мағынасына әсер етуі. Басқаша айтқанда, мәтін автордың тілдік тұлғасын іске асырудың нәтижесі болып табылады.

Тілдік модалділік жайлы сөз болғанда, ең алдымен, осы категорияны білдірудің бір жолы болып саналатын рай категориясының маңыздылығы айтылады. Рай категориясы әлемнің көптеген тілдерінде модалділіктің функционалды-семантикалық тұтастығын танытатын морфологиялық көрсеткіші есебінде түсіндіріледі.

Қазақ тілінде *бар, жоқ, керек, көп, аз, әрине, бәсе, мүмкін, бәлки, әлбетте, қажет* деген сияқты бірқатар сөздер бар. Бұл сөздер басқа топтарға қарағанда сан жағынан аз болғанымен, мағынасы мен қызметі жағынан тіпті ерекше деп айтуға болады. Олар *модаль сөздер* деп аталады. Қазақ тіл білімінде модалдық сөздер есімді (*керек, қажет, тиіс, сияқты, сықылды, тәрізді, секілді, мүмкін, бәлки, бәлкім, әрине, әлбетте, рас, анығынан, шамасы, тәрізді*) және етістікті (*шығар, болар, дейді, көрінеді, білем*) деп екіге бөлінеді.

Қырғыз тіл білімінде модалдық сөздерді нағыз модалдық сөздер, функционалдық модалдық сөздер деп бөлінеді. Нағыз модалдық сөздерге *әлбетте, балқим, макул, шекулдуу, кокус* жатса, функционалдық модалдық сөздерге *сыяғы, кыязы, чынында, сындығында, чамасы, сөзсуз, шексиз, адатта, болжолу, кебетеси, оюмда* сөздерін жатқызады [17, 13].

Модалдық сөздер – сөйлеушінің сөйлем мазмұнына көзқарасын білдіреді. Ал көркем шығармада автор өзінің немесе кейіпкердің ойын, көзқарасын оқырманна жеткізуде қолданады.

Талданатын шығармалардан үзінділер келтіріп көрелік.

(1) *Жаппар олардың не қылған адамдар екенін біле алмай аң-таң. Елсіз түзде түн ішінде бейсаубат қару асының жүргеніне қарағанда қорқынышты адамдар. Бағана әкесі, бәлкім, осылардан қорықты ма екен?* [18, 93].

(2) *Талашпай эле коёлу. Балқим, мен абстракциядан аттанып чыгып алып, изделбей турган нерсени издеп, карайлап жүргөндүрмүн. Эмнеси бар екен! Канон болып дин илимине менин ойлорум ылайык келбей эле койсун. Бирок мен оюмду кантип өзгөртөм?*[19, 118].

Берілген үзінділерде авторлар "бәлкім" деген есімді модаль сөзді қолданып, кейіпкердің ішкі монологындағы күдік, күмән сияқты модалді реңктерін көрсетеді.

Алайда біз автор модалділігі категориясының табиғатын ашу үшін тілдік бірліктерді жеке дара емес, тұтастықта қарастырған кезде ғана қол жеткіземіз. Өйткені "күмән, күдіктену", "өкініш", "белгісіздік", "болжалдылық", "қажеттілік", "өкініш, қайғы" сияқты модалділік реңктерді автор тек модаль сөздер арқылы беріп қоймайды, сонымен қатар рай категориялары, одағайлар, автордың субъективтік бағалауын көрсететін тұрақты тіркестер, автор қолданысындағы тіркестер, сұраулы сөйлемдер, лепті сөйлемдер, интонация, тіпті прагматикалық деңгейде қарастыратын болсақ, шығармадағы образдар, тақырыптар, автордың идеясы, концептілер, автор қолданысындағы пунктуацияны пайдаланатынын айтқымыз келеді.

Өйткені, мәтіннің семантикасы көп қырлы. Мәтінде автор өз туындысында модальділіктің объективті формаларын, сондай-ақ субъективті бағалауды, оның ішінде пікір, келісім, келіспеушілікті білдіріп отырады. Бұл қатынастар тіл құралдары арқылы көрініс табады. Соның бірі – етістікті модаль сөздер, яғни грамматикалық құралдар, екіншісі – лексикалық құралдар. Демек, грамматикалық құралдар мен лексикалық құралдарды модалділік мағынаны білдіретін эксплицитті құралдар деп қарастыруға болады.

Алайда модальділік әрдайым ашық, лексикалық және грамматикалық деңгейде көріне бермейді, өйткені модалділік – динамиканы, процесті білдіретін қатынас. Сонымен қатар имплицитті модалділік те бар, ол автордың белгілі бір жағдаятқа, пікірге көзқарасын білдіреді.

(3) Иә, көк мұнараның өне бойынан өліп-өшкен махаббатты тану қиын емес. Бірден көзге ұрып тұр. Бірақ сол кімнің кімге махабаты? Көк мұнара алыс жорықтағы еріне ынтыға қол созған сағынышты жар ма, жоқ, алыстан қол созған гашық жүректі мен мұңдалап қасына шақырған сиқырлы сұлу ма, қайсысы? Алыстағы жарын күткен сағынышты бейнелесе, қасына барғанда, асқақтап аспанға қарап жатып алатыны несі, сәл алыстасаң болды, қайтадан өзіне баурап, қараған көздің шырқ айналып шыға алмайтыны қалай? Жоқ, жоқ, шебер мұнараны салдырған ханымның алыс жорықтағы жарына деген пейілін емес, өзінің ханымға деген көңілін бейнелеген... Өліп өшкен махаббатын бейнелеген... Иә, солай. Көк мұнараның сиқырын ол енді түсінді [18, 52].

Берілген үзіндіде Ә.Кекілбаев күмәнділікті кейіпкердің өзіне-өзі сұрақ қоюы арқылы, пікірін "иә", "жоқ" деген грамматикалық тұлғаларды шендестіріп те қолданған. Күмәнділік реңкті үстеу мақсатында көп компонентті салалас құрмалас сөйлемді қолданған: "Көк мұнара алыс жорықтағы еріне ынтыға қол созған сағынышты жар ма, жоқ, алыстан қол созған гашық жүректі мен мұңдалап қасына шақырған сиқырлы сұлу ма, қайсысы?". Көп компонентті салалас құрмалас сөйлемнің үшінші компоненті – ықшамдалған сөйлем, баяндауыштық қызметте "қайсысы" деген сұрау есімдігі жұмсалған. Сондай-ақ, сөздердің қайталануы, сұраулы сөйлемдер, сол сияқты графикалық таңбаның бірі – көп нүктені қолданған. Автордың көп нүктені пайдалануының өзіндік себебі, әрі көп нүктенің сөйлем ішінде атқаратын функциясы бар. Біріншіден, автордың айтар ойының аяқтамағанын, екіншіден, оқырманға ой салу мақсатында қолданылған графикалық таңбалардың бірі ретінде жұмсаған. Автордың шеберлігі сол – белгілі бір контексте вербалды амалды ғана емес, сонымен бірге бейвербалды амалмен де мәтінді ұтымды, шебер өрнектеген.

Мұндағы сұраулы сөйлемдер контекстің құрылымдық байланысын сақтауға тірек болады.

(4) Улам жаңы жаштарды оп тартып торуна түшүрүп жатқан баңгиликтин таюият таржымалын ийне-жибине чейин билип чыкмайынча тырс этип сыр бербеске Авдий Каллистратов шерт кылып койган, ошон үчүн алинидей тагдырларды угуп туруп, жаны кашайса да араң чыдады. Анан калса, бу кейиштүү тарыхка канчалык тереңдеп кирген сайын мунун баары бети мемиреп көрүнгөнү менен түбүндө буркан-шаркан толкундуу агымдары жүрүп турган турмуш-тиричилик деңизи сыяктуу экенине ошончолук көзү жетип, бу жамандыкка моюн сунгандык ар кимдин керт башына тийиштүү жекече жорук болгону менен, андан тышкары да жаштарды мындай кеселге чалдыктырып жаткан коомдук себептер да бар экенине

ишене берди. Ал себептер тармакташып туташып, бир ооруну бүт денеге таратқан кан тамырлары сыяктанып, бир караганда колго кармалгыс да, жоюшка моюн бербегистей [19, 112].

Қырғыз жазушысы Ш. Айтматов нашақорлыққа бетбұрған жастардың қайғылы халдерін баяндай келе, "сол сорақы дертке жастардың ұшырауына қоғамдық себептер де ықпал ететін тәрізді" деген қорытынды жасайды. Бұл үзіндіде автордың баяндалып жатқан оқиғаға көзқарасын, өзіндік бағасын, яғни автор модалділігін көруге болады. Автор модалділігін танытуда автор оқиғаны баяндап келіп, өзінің ойын, түйінін жеткізу үшін "тәрізді", "сияқты" модаль сөздерін қолданады.

Мәтіндік модалділік қатынастар автор модалділігі арқылы, яғни мәтіннің астарындағы сана, ақпарат арқылы анықталып, тілдік (объективті және субъективті) құралдармен ресімделеді, әрі лексикалық және грамматикалық семантика шеңберінен шығып, прагматикалық құралдарды да қамтиды.

Негізгі тілдік деректерге сүйенсек, модалділік категориясы өзінің даму сатысында, контекст аясында эмоциямен үнемі ұштасып отырады. Субъекті іс-әрекетке қатысты өз көзқарасын білдіруде, екінші бір субъекті ісін бағалауда әр түрлі көңіл-күйде қабылдайды. Қабылдау, құптау – құптамау, сену – сенбеу, болжау, күдіктену, жорамалдау әр қилы эмоциялық реңктермен қиюласып қолданылады. Эмоциялық-экспрессиялық реңк бағалаудағы субъектінің көзқарасын түрлендіреді. Демек, эмоция астарында бағалау бар, эмоция үнемі модальді реңктермен байланыста болады. Модальділік категориясы шеңберінде қаралатын құптау-құптамау, сену-сенбеу, күдіктену, мүмкіндік, болжау реңктері кейде арнайы грамматикалық амалдармен дараланбай, эмоциялы құрылымдардың мағынасынан көрініс беріп отырады.

(5) Дегинкиси, бекер жерден этеги толо акча таап турса, сөзүң эмнеге өтөт? "Қур ооз ырақматың ырыскы болбойт, келе акчалай" деген сөз кийн эл оозунда лакап болуп кетпидиби! Ал эми бу чабагандар таап жаткан акча мүлдө биздики гана эмес, башка эл-жердики да болсо керек...

Жанагы нашасы, жуурулган пластилини менен экстрасы кайда гана кетип жатканында бекен? Мындай балээ эмне үчүн биздин турмушубузда, ар кандай кемчиликтен биздин социалдык системабыз аруу деп бүт дүйнөгө жарыя кылган коомубузда болуп жатат, – кеп ушунда! [19, 132].

Автор қоғамның дертіне айналған нашақорлық туралы ойын, көзқарасын кейіпкердің ішкі ойлауы арқылы шебер жеткізген. Бұл үзіндіден қазіргі қоғамдағы күрделі мәселе сөз болып, жазушының ол жағдаятқа деген тұжырымы, автор бағалауы "сену", "сенбеу", "жорамалдау" сияқты әртүрлі эмоциялық реңктермен өрнектелген. Автор өз эмоциясын оқырманға сұраулы сөйлемдер, шылаулар, қыстырма сөздер, одағайлар арқылы жеткізеді. Бұл күнде "Рақмет тон болмас, ақша деген жан-жолдас" деген мәтел қолданылып, қоғам рухани құндылықтардан материалды құндылықтарды жоғары бағалайтын болған деген тұжырым шығарады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Көркем шығарманы, туындыны жазарда автор танымындағы әлемнің нақты проблемаларына өз көзқарасын білдіре отырып, көркем мәтінді өзінің шындықты таныту құралы ретінде пайдаланады. Әрі көркем шығармада автор әр түрлі оқиғалар мен кейіпкерлерді суреттеп, оларға әрдайым өзінің бағасын беріп отырады. Автордың ойы шығармада модалділік реңктер арқылы көрініс табады, нәтижесінде автордың белгілі бір жағдаятқа көзқарасын, танымын анықтауға болады.

Автордың ойы авторлық бағалаудың көмегімен жүзеге асырылатыны анық, сол себепті оларды жан-жақты талдау көркем шығармадағы автордың көзқарасын, ойын, идеясын терең түсінуге ықпал етеді. Сөз зергерінің идеясын жүзеге асыруға тілдің барлық деңгейінің элементтері қатысады.

Зерттеліп отырған категория көркем шығармалар тілінде мәтіннің лексика-грамматикалық және композициялық деңгейлерінің элементтері арқылы жүзеге асырылады, сонымен қатар прагматикалық және идеялық бірліктерде, яғни образдар, тақырыптар, авторлық идеялар мен концептілер ретінде көрініс табады. Бұл факт авторлық модальділікті кең, көп қырлы және көп деңгейлі категория ретінде сипаттайды. Біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде авторлық модальділікті білдіретін құралдар берілген мәтіндерде авторлардың көркем шығармаларының идеялық кеңістігінің мағыналық орталықтары болып табылатын авторлардың көркемдік әлемінің үстем идеялары төңірегінде топтастырылғандығы анықталды.

Автор модальділігі, оның концептуалды және лингвистикалық аспектісі жайлы түсінігімізге сәйкес және лингвистикалық материалды талдауға сүйене отырып, біз авторлық модальділікті білдіретін құралдарды келесідей жіктедік:

1) лексикалық құралдар – модальді мағыналарды өз семантикасы арқылы беретін модаль сөздер және басқа лексикалық бірліктер;

2) грамматикалық құралдар – етістіктің рай категориясы, етістіктің шақ категориясы, одағайлар, шылаулар;

3) синтаксистік және прагматикалық құралдар – сөйлемдегі сөздердің тәртібі; сөйлемнің әртүрлі түрлері (сұраулы, лепті); бүкіл мәтіннің мазмұнына модальділікті үстейтін синтаксистік конструкциялар; дауыс ырғағы; тақырыптар; авторлық идеялар мен концептілер, автор қолданысындағы пунктуация.

Негізгі тілдік деректерге сүйенсек, модальділік категориясы өзінің даму сатысында, контекст аясында эмоциямен үнемі ұштасып отырады.

Автор модальділігі категориясын қарастыра келе, автордың ойы, көзқарасы, белгілі бір жағдаятқа байланысты тұжырымы, бағалауы эксплицитті, имплицитті құралдар арқылы көрініс табады деген қорытындыға келдік. "Авторлық модальділік" категориясы – мәтінтүзуші категория.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Kosta, P., 2011, *Modalité Epistémique et Evidentialité et sa disposition à la base déictique*, in: Claudia Schlaak / Lena Busse: *Sprachkontakte, Sprachvariation und Sprachwandel. Festschrift für Thomas Stehl zum 60. Geburtstag*, Narr: Tübingen, S. 257-283.

2 Kosta, P., 2013, *How can I lie if I am telling the truth? The unbearable lightness of the between epistemic modality and evidentiality*, in: *Approaches to Slavic Interaction*. Edited by Nadine Thielemann and Peter Kosta. Amsterdam, Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, S. 167-184 (Dialogue Studies; Vol. 20).

3 Kosta, P., 2019, Kosta, P.: [Review]: Sarah E. Murray *The Semantics of Evidentials*. 2017. Oxford University Press Oxford (Oxford Studies in Semantics and Pragmatics 9). ISBN 978-0-19-968157-0 (hbk.), 978-0-19-968158-7 (pbk.) 168 pp +Lists of tables, List of figures, List of abbreviations. In: *Journal of Pragmatics* 140, S. 156–159 (Elsevier).

4 Khripkova, D.I., Karimova, A.A., Khasanova, O.V., Valeeva, E.V., 2019, *Category of modality in english and tatar proverbs: Comparative aspect*. – *Humanities & Social Sciences Reviews* eISSN: 2395-6518, Vol 7, No 6, 2019, pp. 803 - 806.

5 Evseeva, K.V., Kozlova, Yu. A., 2016, *Modality in English and Russian languages and methods of its transmission in bilingual translation*. – *International journal of humanities and studies* ISSN 2356-5926, pp. 552-559.

6 Ashinova, K.A., Sydykova, B. T., Khozhalepessova, Yu. N. & M. K. Murzagaliyevà, 2020, *Problems of Modality in Turkic and Kazakh Languages*. – *Media Watch* 11 (4) pp. 728-735, ISSN 0976-0911 | e-ISSN 2249-8818 DOI: 10.15655/mw/2020/v11i4/204631.

7 Гальперин, И.Р. *Текст как объект лингвистического исследования*. – М.: Изд-во «Наука», 1981. – 138 с.

8 Виноградов В.В. *Избранные труды*. – М.: Наука, 1975. – 559 с.

- 9 Шведова Н.Ю. Парадигматика простого предложения в современном русском языке //Русский язык. Грамматические исследования. М., 1973. – 286 с.
- 10 Құсайынова Ж.А. Қазақ тілі синтаксисінің модальділік аспектісі: филол.ғыл.докт... дисс / Ж.А.Құсайынова. – Астана, 2010. – 237б.
- 11 Миллер Дж. А. Магическое число семь плюс или минус два. О некоторых пределах нашей способности перерабатывать информацию / Ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.Я. Романов. – Москва : ЧеРо, 1998. – С. 564- 582.
- 12 Валгина Н.С. Теория текста. М., 2003. – 173 с.
- 13 Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка / Ш. Балли — М.: Наука, 1955. – 416 с.
- 14 Шендельс, Е. И. Имплицитность в грамматике / Е. И. Шендельс // Сб. науч. тр. МГИИЯ им. М. Тореца. – 1977. – Вып. 112. – С. 109.
- 15 Арнольд И.В. Статус импликации в системе текста // Интерпретация художественного текста в языковом вузе: (Методика исслед.) Межвуз. сб. научн.тр. – Л.: Ленингр. гос. пед. ин-т им. А.И.Герцена, 1983 – С. 3-14.
- 16 Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Мектеп, 1983. – 168 б.
- 17 Илебаев Э.У. Сопоставительно-типологическое исследование категории модальности и средства ее выражения в английском и в кыргызском языках: автореф. ... канд.филол. наук: 10.02.04, 10.02.06. –Алматы, 1997. – 20 б.
- 18 Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: "Өлке" баспасы. – Т.3.–1999.– 400 б.
- 19 Айтматов Ч. Кыямат. Чыгармаларынын сегиз томдук жыйнагы. Үчүнчү басылышы. – Бишкек: "УЛУУ ТООЛОР", 2018. – 491 б.

Материал 10.06.2021 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Kosta, P., 2011, Modalité Epistémique et Evidentialité et sa disposition à la base déictique, in: Claudia Schlaak / Lena Busse: Sprachkontakte, Sprachvariation und Sprachwandel. Festschrift für Thomas Stehl zum 60. Geburtstag, Narr: Tübingen, S. 257-283.
- 2 Kosta, P., 2013, How can I lie if I am telling the truth? The unbearable lightness of the between epistemic modality and evidentiality, in: *Approaches to Slavic Interaction*. Edited by Nadine Thielemann and Peter Kosta. Amsterdam, Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, S. 167-184 (Dialogue Studies; Vol. 20).
- 3 Kosta, P., 2019, Kosta, P.: [Review]: Sarah E. Murray The Semantics of Evidentials. 2017. Oxford University Press Oxford (Oxford Studies in Semantics and Pragmatics 9). ISBN 978-0-19-968157-0 (hbk.), 978-0-19-968158-7 (pbk.) 168 pp +Lists of tables, List of figures, List of abbreviations. In: *Journal of Pragmatics* 140, S. 156–159 (Elsevier).
- 4 Khripkova, D.I., Karimova, A.A., Khasanova, O.V., Valeeva, E.V. , 2019, Category of modality in english and tatar proverbs: Comparative aspect. – Humanities & Social Sciences Reviews eISSN: 2395-6518, Vol 7, No 6, 2019, pp. 803 - 806.
- 5 Evseeva, K.V., Kozlova, Yu. A., 2016, Modality in English and Russian languages and methods of its transmission in bilingual translation. – International journal of humanities and studies ISSN 2356-5926, pp. 552-559.
- 6 Ashinova, K.A., Sydykova, B. T., Khozhalepessova, Yu. N. & M. K. Murzagaliyevà, 2020, Problems of Modality in Turkic and Kazakh Languages. – Media Watch 11 (4) pp. 728-735, ISSN 0976-0911 | e-ISSN 2249-8818 DOI: 10.15655/mw/2020/v11i4/204631.
- 7 Galperin, I. R. Text as an object of linguistic research. – Moscow: Nauka Publishing House, 1981. – 138 p.
- 8 Vinogradov, V.V. Selected Works. – М.: Nauka, 1975. – 559 p.
- 9 Shvedova, N.Yu. Paradigmatics of a simple sentence in modern Russian // Russian language. Grammar studies. М., 1973. – 286 p.

- 10 Kusainova, Zh.A. Modal aspects of the syntax of the Kazakh language: Ph.D. ... dissertation / Zh.A. Kusainova. – Astana, 2010. – 237p.
- 11 Miller, J.A. The magic number seven plus or minus two. On some limits of our ability to process information / Editors Yu.B. Gippenreiter, V. Ya. Romanov. – Moscow: CheRo, 1998. – P. 564-582.
- 12 Valgina, N.S. Text theory. M., 2004. – 173 p.
- 13 Balli, Sh. General linguistics and questions of the French language / Sh. Balli – Moscow: Nauka, 1955. – 416 p.
- 14 Shendels, E. I. Implicitness in grammar / E. I. Shendels // Sat. scientific. tr. Moscow State Pedagogical Institute of Foreign Languages named after M. Torez – 1977. – Vol. 112. – P. 109.
- 15 Arnold, I.V. The status of implication in the text system // Interpretation of a literary text in a language university: (Research methodology) Interuniversity. Sat. scientific tr. – L. : Leningrad. state ped. in-t named after A.I. Herzen, 1983 – P. 3-14.
- 16 Amirov, R. Simple sentence syntax. – Almaty: "Mektep", 1983. – 168 p.
- 17 Пebaев, E.U. Comparative typological study of the category of modality and the means of its expression in English and in the Kyrgyz languages: author. ... Candidate of Philol. Sciences: 10.02.04, 10.02.06. – Almaty, 1997. – 20 p.
- 18 Kekilbayev, A. A. collection of works in twelve volumes. – Almaty: Ulke Publishing House. – Vol.3.– 1999.– 400 p.
- 19 Aitmatov, Ch. Kiyamat. An eight-volume collection of his works. Third Edition. – Bishkek: " ULUU TOOLOR ", 2018. – 491 p.

Модальный аспект художественного текста: на материале произведений

А.Кекильбаева и Ч.Айтматова

Г. Ж. Искакова¹, Peter Kosta²

¹Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

²Потсдамский университет, г.Потсдам, 14469, Германия

Данная статья посвящена исследованию авторской модальности в прозаических произведениях казахского писателя А.Кекильбаева и кыргызского писателя Ч.Айтматова. В отличие от языковой модальности, которая получила основательную разработку как в отечественной, так и в зарубежной лингвистике, текстовая модальность до сих пор остается недостаточно исследованной. Актуальность данной исследовательской работы мотивируется необходимостью уточнения статуса межкатегориальных отношений авторской модальности, более глубокого изучения средств выражения данной категории, осуществления системного анализа авторской модальности в соответствии с новейшими лингвистическими направлениями, основанными на принципе антропоцентризма.

Объектом исследования является авторская модальность как текстовая категория, а предметом – средства реализации авторской модальности в художественных текстах. В статье дается функционально-семантический анализ языковых средств реализации категории авторской модальности.

Матриал поступил в редакцию журнала 10.06.2021

Modal aspect of a literary text: based on the works of A. Kekilbayev and Sh.Aitmatova

Gulgul Iskakova¹, Peter Kosta²,

¹Sh. Ualikhanov Kokshetau university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

² Potsdam university, Potsdam, 14469, Germany

This article is dedicated to the study of author's modality in the prose by the Kazakh writer A. Kekilbayev, and the Kyrgyz writer Ch. Aitmatov. Unlike linguistic modality, which has been

thoroughly investigated in Kazakhstani and foreign linguistics, textual modality has not been studied to the full extent yet. The relevance of this research is stipulated by the need to clarify the status of intercategoryal relations of author's modality, to do a deeper study of the means of expression of this category, and to carry out a system analysis of author's modality in accordance with the latest linguistic trends based on the principle of anthropocentrism.

The object of the research is author's modality as a text category; the subject of the research is the means of author's modality actualization in literary texts. The article provides a functional-semantic analysis of the language means essential for the actualization of the category of author's modality.

Received: 10.06.2021

MFTAP16.21.07

Ф.А. Оспанова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., 010010, Қазақстан Республикасы

ЖАРНАМА МӘТІНДЕРІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада жарнамалық мәтіннің лингвистикалық ерекшеліктері зерттеліп, оларды қолданудағы заңдылықтар анықталады. «Жарнама тілі», «жарнама мәтіні» ұғымдарына анықтама беріліп, осы ұғымдарды саралауға тырысады. Мақалада жарнамалық мәтіндер тіліне тән негізгі лингвистикалық және экстралингвистикалық ерекшеліктер көрсетілген. Сондай-ақ жарнамалық мәтіннің функционалдық ерекшеліктері, оның жасалу мақсаты қарастырылады. Жарнама тілі лингвистикалық емес мақсатта жүзеге асыратындықтан адресатқа әсер етуді күшейту үшін кейде жалпы әдеби нормаларды бұзып, өзінің заңдылықтарына сәйкес дамиды арнайы лингвистикалық құрылым ретінде жүреді. Жарнамалық мәтіннің негізгі коммуникативтік мақсаты – тұтынушыны жарнамаланатын өнімдерді, тауарларды, қызметтерді және т.б. таңдауға ынталандыру. Мақалада жарнамалық мәтіндер нақты тілдік тұрғыдан зерделенеді.

Кілт сөздер: жарнама, мәтін, аударма, жаһандану, маркетинг, коммуникация, хабарландыру, деректер, прагматика, мәдени аспект, пиктограмма, графика, терминология.

КІРІСПЕ

Соңғы уақытта жарнаманың адам санасынан терең орын алғаны соншалықты көшеде, теледидар экранында, телефонда т.б. кездесетін көз тартар жарнаманың мағынасына кейде терең мән бере бермейміз. Ал жаңа идеялар мен тауарларды жарнамасыз тарату мүмкін емес. Күн сайын тауарлардың ағыны тез өсуде, сондықтан бүгінде жарнамалық мәтіндерді аудару мәселесі өзекті тақырыптардың бірінен саналады. Аударма тәжірибесінде белгілі бір жарнамалық мәтінді дұрыс аудармау жағдайлары жиі кездеседі, нәтижесінде корпорациялар үлкен қаржылық шығындарға ұшырап жатады. Сондықтан жарнамалық мәтіндерді аудару мұқият және байыптылықты қажет етеді. Жарнамалық мәтінді аударудағы негізгі, жиі қолданылатын стилистикалық құралдары метафора, метонимия, синекдоха, салыстыру және еліктеу болып табылады.

Жарнаманың мақсаты – аудиторияның назарын аудару және жарнамаланатын тауарға немесе қызметке қызығушылық туғызу болып табылады. Кез келген жарнамалық мәтін жарнама ретінде тек өзінің сөздік-графикалық немесе аудио-визуалды түрде іске